«Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ, «АрхСтройКомпани» ЖШС, «Алатау Project 2050» ЖШС, өзара бірлесе отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

МЕМОРАНДУМЫ № 69

Қызылорда облысы, «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Алатау Project 2050» ЖШС -нің тарапынан Яхияева Айгерим Алыевна және «АрхСтройКомпани» ЖШС-нің тарапынан Бейсебаев Сакен Муратович әрі қарай тараптар: «**Строительство инфраструктура в зоне нового поселения (60-га, белые пятна) по улице №12, участок №4, в поселке Теренозек Сырдарьинского района Кызылординской области (сети газопроводов) »** осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны іс жүзіне асыру.

2-бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

ә) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

Қызылорда облысы Сырдария ауданы, «АрхСтройКомпани» ЖШС-і ауданға кажетті тиісті нысандар бойынша «Алатау Project 2050» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2023жыл көлемінде Сырдария ауданы бойынша **газ құбырларын жүргізу** мәселелері бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, оны жүзеге асыруды өз мойындарына алады.

4-бап

«АрхСтройКомпани» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2023жыл көлемінде Сырдария ауданы бойынша газ құбырларын жүргізу құрылысын аяқтап, «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгерімге қабылдауды өз міндетіне алады.

Қызылорда облысы, «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың жоба-сметалық құжаттарды әзірлеуге қажетті материалдарды, құжаттарды уақытылы, заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

5- бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

6- бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Қызылорда қаласында 2023 жылғы 13 қарашада 5 дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

Сырдария аудандық «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-сі	**«Алатау Project 2050» ЖШС-нің директоры**	**«АрхСтройКомпани» ЖШС-нің директоры**
	А.Яхияева	**С.Бейсебаев**